


***Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі***

***№ 12, 2017***

***Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий***




**Қытайдың жаңа дәуір тарихы: Тарихи деректер. Т.1 : I-II бөлімдер 1921-1927 жылдар аралығын қамтиды / Қытай тілінен аударғандар: Ә. Нұрғазыұлы, Т. Рауанұлы. - Алматы: Орхон, 2017. - 244 б.**

Оқырманға ұсынылып отырған үш томдықтың бірінші томында 1921-1927 жыл аралығындағы Қытай Халық Республикасының құрылу барсындағы аса ірі тарихи оқиғалар және Апиын соғысынан кейінгі Қытайдағы өзгерістерді қамтиды.




**Қытайдың жаңа дәуір тарихы (1927-1937 жылдар): Тарихи деректер. Т.2 : III бөлім 1927-1937 жылдар аралығын қамтиды / Қытай тілінен аударғандар: Д. Мәлікұлы, М. Әбілбайұлы, А. Қисынқанұлы. – Алматы : Орхон, 2017. – 256 б.**

Оқырманға ұсынылып отырған үш томдықтың екінші томында 1927-1937 жыл аралығындағы Қытай Халық Республикасының құрылу барсындағы аса ірі тарихи оқиғаларды қамтиды.



**Қытайдың жаңа дәуір тарихы (1937-1949 жылдар): Тарихи деректер. Т.3: IV-V бөлімдер 1937-1949 жылдар аралығын қамтиды / Қытай тілінен аударғандар: Б. Нұрәлин, Г. Асылханқызы, Ж. Қабдешұлы және т.б. – Алматы: Орхон, 2017. – 400 б.**

Оқырманға ұсынылып отырған үш томдықтың үшінші томында 1937-1949 жыл аралығындағы Қытай Халық Республикасының құрылу барсындағы аса ірі тарихи оқиғаларды қамтиды.



**Насрулла Мубашшир ат-Тарази. Түркістан: Өткені мен бүгіні (Орта Азия мен Қазақстан тарихы). Имам әл-Бухари, имам әт-Тирмизи, имам Муслим, Ибн Сина, әл-Фараби, әл-Бируни, әл-Қашқаридың елі туралы сіз не білесіз? / Ред. алқа мүшелері: Л.С. Ақтаева, Ә. Дербісәлі, Ә. Көпіш, М.Ғ. Жылысбаева; ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің "Орталық мемлекеттік мұрағат" РММ. – Алматы, 2017. – 464 б.**

Кітапта Түркістанның (Орта Азия мен Қазақстан) географиялық ерекшеліктері, Кеңес үкіметіне дейінгі ахуалы, сондай-ақ ислам дінінің насихатталуынан бастап Кеңес үкіметі құлап, тәуелсіз елдер ретінде танылғанға дейінгі тарихы жалпыға түсінікті тілмен баяндалған.




**Таныбаева А.Қ. Экологиялық мониторинг: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 290 б.**

Оқу құралында экологиялық мониторинг тарауларының бүкіл негізгі тақырыптары бойынша қысқаша теориялық мәліметтері, сондай-ақ экологиялық мониторингтің негізгі міндеттері, мақсаттары және түрлері, мониторингтік зерттеулер жүргізудің әдістері қамтылған.




**Мейрманова Г.А., Исаева А.И. Этнологиялық зерттеу әдістері: Оқу құралы / Жауапты ред. А.Б. Қалыш; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 180 б.**

Оқу құралда этнологияның зерттеу әдістеріне байланысты негізгі тұжырымдар қарастырылады. Осы пән бойынша дәрістер, этнографиялық экспедиция жұмыстарының бағдарламалық нұсқауы, бақылау сұрақтарының тізімі берілген.




**Қамысбаев Д.Х. Физикалық химияның негізгі ұғымдары: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 130 б.**

Бұл оқу құралында физикалық химияның негізгі ұғымдары келтірілген. Яғни химиялық термодинамика, химиялық кинетика сияқты маңызды бөлімдерді дұрыс түсіну үшін түсініктемелер қарастырылған.




**Су Ш. Тибет туралы білімдер / Қытай тілінен аударған: Балапан Рабатов. – Алматы: Орхон, 2017. – 184 б.**

Бұл кітапта Тибет тарихы, ұлттық салт-сана жайындағы байымдау ғана емес, қазіргі адамдардың Тибет туралы ізденістері, толғаныстары және зерттеулері туралы жетерлік деректер берілген.



**Батыр Д. Тастандының тағдыры: Роман. - Алматы: Ан Арыс, 2017. - 272 б.**

Белгілі жазушы Дәлелбек Батырдың "Тастандының тағдыры" атты романы қазіргі заманның өзекті мәселесі-тастанды бала проблемасын сөз етеді.




**Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар. – Астана: Нұра-Астана, 2017. – Т.3. Теңіз қорқауы. – 480 б.**

Жазушы, аудармашы Дидахмет Әшімханұлының бұл көптомдық шығармалар жинағының үшінші томында оның әр жылдарда аударған әлем әдебиетінің классиктері Джек Лондонның "Теңіз қорқауы" атты романы мен "Күмән" әңгімесі және Джон Голсуорсидің "Девондық адам" атты новелласы берілген.



**Ердәулетов С.Р., Алиева Ж.Н., Жұмаділов А.Р. Халықаралық туризм географиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 242 б.**

"Халықаралық туризм географиясы" оқу құралында туризм туралы қоғамдық құбылыс ретіндегі біртұтас көзқарас жарияланады және туристік жүйені қалыптастырушы компоненттері мен олардың өзара байланыстары қарастырылады.



**Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2016. - 264 б.**

Ұсынылып отырған оқу құралы Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы пәнінің оқу курсы бағдарламасына және Қазақстан Республикасындағы кәсіптік жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған. Оқу құралында Ежелгі Шығыс пен Антика әлемінің, Орта ғасыр мен Жаңа дәуірдегі және заманауи кезеңдегі әлем елдеріндегі мемлекеттілік пен құқықтық пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары мен ерекшеліктері тарихи хронологиялық тәртіппен беріледі.



**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі 2011-2017: Көп томдық. IV-кітап. – Алматы: Атажұрт, 2017. – 252 б.**

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы өзінің күнделікті қызметінде Қазақ елі мен әлемнің 40-қа жуық мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасы ортасында алтын көпір болуға ұмтылатындығы шежіреде нақты көрініс тапқан.

**Рысбеков Тұяқбай Зейтұлы: Қазақстан ғылымдарының библиографиясына материалдар / Құрастыр. т.ғ.к. М.Д. Калменов; ҚРБ ҒМ; Западно-Казахстанский гос. ун-т им. М. Утемисова. – Орал, 2017. – 204 б.**

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті мүшесі, сонымен қатар бірнеше қоғамдық ғылыми орындардың - Қазақстанның Гуманитарлық, Әлеуметтік, Жоғары мектеп, Балтық Педагогикалық (Санкт-Петербург), Педагогикалық және Әлеуметтік ғылымдар (Мәскеу), Халықаралық ақпараттандыру (Мәскеу), Халықаралық жоғарғы мектеп (Мәскеу), Халықаралық Евразия экономикалық Академияларының және Европалық Жаратылыстану ғылымы Академиясының академигі, Петр Академиясының мүше-корреспонденті (Санкт-Петербург), Европа жоғары оқу орындарының ректорлар клубының мүшесі және «Ғылыми зерттеу жұмысындағы ерекше еңбегі үшін» Вильгельм Лейбниц (Германия), «Наполеон» (Франция), Кембридждің «International Professional» Интернационалдық библиографиялық орталығы медальдарының, «Ерекше еңбегі және ғылыми зерттеулері» (Германия), «Парасат» ордендерінің, Оксфордтың «Европалық интеграцияның дамуына қосқан жеке үлесі үшін» Халықаралық марапаты иегері, ҚР еңбегі сіңірген қызметкері, Оксфордтың «Таңдаулы ғалым» Номинациясы жеңімпазы, «ЖОО Таңдаулы оқытушы - 2013» Грантының жеңімпазы. Орал қаласының құрметті азаматы, көрнекті білім мен ғылым және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор - Тұяқбай Зейтұлы Рысбековке арналған.








**Хо Ши Мин = Ho Chi Minh: Өмірбаяны / Бас ред. Тұрсын Жұртбай. – Алматы: Орхон, 2017. – 224 б.**

Вьетнам халқының саяси қайраткері, ұлт азаттық қозғалыстың көшбасшысы, Вьетнам Социалистік Республикасының негізін салушы президент Хо Ши Миннің өмірі мен қызметіне арналған бұл кітап "Орхон" баспасының "Ұлы Тұлға" сериясы аясында қазақ-ағылшын тілінде шықты.




**Әлім Қайсар: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Жылқыбай Жағыпарұлы, жазушы. Библиогр.ред.: А.Ж.Сақанова ҚРБ ҒМ ҒК "Ғылым ордасы" РМК Орталық ғылыми кітапханасы. – Алматы: Ғылым ордасы, 2017. – 216 б.**

Биобиблиографиялық көрсеткіште белгілі журналист, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі Әлім Қайсардың өмірі мен қызметі, әдеби шығармашылық еңбектері кеңінен қамтылған.




**Әлімұлы А. Жариямайдай: Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2017. – 380 б.**

Белгілі ақын, халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының иегері Аманхан Әлімұлының "Жариямайдай" атты жыр жинағына негізінен автордың кезінде мерзімдік баспасөзде жарияланған өлең-жырлары өңделген, толықтырылған күйінде еніп отыр.




**Ерғали Х. Қиын өткен қызығым-ай!: Өлеңдер. – Алматы: Мер-Press, 2017. – 342 б.**

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Хамит Ерғалидің бұл кітабына әр жылдары жарық көрген "Шер толғау", "Жақсыдан шарапат", "Сонеттер" жинақтарында жарық көрген өлеңдері, сонеттері, естеліктері топтастырылған.




**Құсанбек Б. Өмір-өзен: Сұхбат кітабы / Кұрастырушылар: Бейбарыс Бейбітұлы, Ғазиза Исахан. – Алматы: Келешек, 2017. – 475 б.**

Белгілі тележурналист Бейбіт Құсанбектің "Өмір-өзен" атты жинағына оның кезінде көрнекті қоғам мен мемлекет, әдебиет, өнер қайраткерлерімен қазақ теледидарында жүргізілген сұхбаттары енді. Онда көтерілген ел мен жер, тарих, тіл тағдыры жөніндегі мәселелер өзінің өзектілігімен, маңыздылығымен, салиқалы ойларымен қалың телекөрерменнің аса зор қызығушылығын танытып, қоғамда қызу пікірталастар туғызған болатын.




**Құранбек Ә.А., Тұрғанбеков С.Қ., Айтенова А.А. Прагматизм философиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 112 б.**

Оқу құралында америкалық прагматизм философиясының қалыптасуы мен дамуы сараланған. Чарлз Пирс, Уильям Джеймс, Джон Дьюи және Ричард Рортидің еңбектері негізінде прагматизм ағымы аясында қарастырылған түйінді мәселелер мен ой-тұжырымдардың мәні айқындалып, бұл философиялық дәстүрдегі этика, гуманизм, дін мәселелерінің зерделенуі көрсетілген.




**Педагогикалық психология: Практикум / Құраст. : А.И. Гарбер, М.В. Демиденко, С.К. Бердібаева; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 200 б.**

Практикум жас ерекшелігі және педагогикалық психологияға мамандандырылған студент психологтарға арналған. Бұл еңбек педагогикалық психологияның негізгі бөлімдерінің зерттеушілік сипатындағы жүйеленген ақпараттарды құрайды және студенттерді эмпирикалық зерттеудің дағдылары мен ептіліктерін өз бетімен үйренуге бағдарлайды.




**Бекманов Б.О. Полимеразды тізбекті реакция негіздері: Оқу әдістемелік құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 104 б.**

Бұл оқу-әдістемелік құралда полимеразды тізбекті реакцияның теориялық негіздеріне, оны жүргізетін лабораторияларға қойылатын талаптарға, ПТР әдісінің жүргізілу шарттарына, ПТР әдісінде қолданылатын бақылауларға, ПТР әдісін жүргізу кезінде кететін қателіктерге, ПТР әдісінің практикада қолданылуына және қазіргі замандағы даму бағыттарына қысқаша сипаттамалар берілген.






**Жарықбаев Қ.Б. Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Т.7. Жалпы және қазақ этнопсихологиясы = Общая и казахская этнопсихология – 306 б.**

Этнопсихология ғылымының қазақ орыс тілдеріндегі басылымында осы ғылымның елімізде қалыптасу және даму оның тарихы, сондай-ақ қазіргі жай-күйі баяндалады.



**Баяндинова С.М. Туризмдегі логистика: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 122 б.**

Туристік ұйымдардағы логистикалық басқару және ұйымдастыру мүмкіндіктерін жетілдіру бүгінде басты назарға алынып отыр. Шаруашылық әрекеттегі логистиканың рөлін ашып көрсетуге жасалған көптеген зерттеулердің нәтижесінде ХХІ ғасыр логистика ғасыры болмақ.



**Баянбай Қ. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. – Алматы: Хантәңірі, 2017.**

**Т.1. Өлеңдер. Ертегілер. Жаңылтпаштар. – 380 б.**


**Т.2. Өлеңдер. Ертегілер. Жұмбақтар. Жаңылтпаштар. – 380 б.**

**Т.3. Лирикалық өлеңдер. – 380 б.**

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, Халықаралық "Алаш" сыйлығының иегері, балаларға арналған көптеген жыр бәйгелерінің жеңімпазы, өлең-жырлары бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарға енген ақын Қастек Баянбайдың таңдамалы шығармаларының 1-томына мектеп жасына дейінгі балдырғандардың, жас жеткіншектердің талғамына сай өлең-жырлары атты топтамасы еніп отыр.


Белгілі балалар ақыны Қастек Баянбайдың шығармалары жинағының 2-томына автордың жас бүлдіршіндер мен мектеп жасындағы өрендерге арналған өлең-жырлары, дастандары, ертегілері, жұмбақтары, жыл мезгілдері, табиғат жайлы әдемі топтамалары еніп отыр.

Қазақтың белгілі ақыны, Халықаралық "Алаш" сыйлығының иегері Қастек Баянбайдың шығармалар жинағының 3-томына сыршыл нәзік сезім мен азаматтық әуенге толы лирикалық топтамалары еніп отыр.




**Ниязбек Р. Шығармалары: Көптомдық. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – Т.7. Өлеңдер. – 380 б.**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты, Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік "Қыоман сий" (Честь нации) орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің Сергей Есенин алтын медалінің иегері, көрнекті ақын Рафаэль Ниязбектің бұл жетінші томында дала өмірінің тіршілік-тынысы, сол далада туған тұлғалардың тағдыры, жаратылыс-болмысы, қуаныш пен қайғысы, шаттығы мен шымырқанған шақтары қамырдан қыл тартқандай шебер әлі әсерлі суреттелген.




**Ниязбек Р. Шығармалары: Көптомдық. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – Т.8. Өлеңдер. – 380 б.**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты, Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік "Қыоман сий" (Честь нации) орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің Сергей Есенин алтын медалінің иегері, көрнекті ақын Рафаэль Ниязбектің бұл сегізінші томында теңдік сұрап, атқа қонған жауынгер шешен халқының қайтпас қайсарлығы, елеулі найза қолға алып шайқасқан көзсіз ерлігі суреттелген.



**Ниязбек Р. Шығармалары: Көптомдық. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017. – Т.9. Повестер 380 б.**


Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты, Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік "Қъоман сий" (Честь нации) орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің Сергей Есенин алтын медалінің иегері, көрнекті ақын Рафаэль Ниязбектің бұл тоғызыншы томына "Жауаптар", "Отағасы", "Қызғыш құс" повестері еніп отыр.



**Сөз-дария. Сөз-ғұмыр. Сөз-күдірет / Жауапты шығарушы. Ғарифолла Әнес. – Алматы: Арыс, 2016. – 176 б.**


Еліміздің рухани тыныс-тіршілігі мен әлеуметтік-саяси тарихында өшпес із қалдырған заманымыздың заңғар жазушысы, әрі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының (1939-2015) артына қалдырған мол мұрасы келешекте тек қазақ халқының ғана емес күллі адамзат қауымының асыл қазынасына айналып, жаһандық өркениет қорына олжа салары сөзсіз.






**Сатыбалдин С.С. Тәуелсіз Қазақстан экономикасының өркендеуіне – 25 жыл = Развитие экономики независимого Казахстана – 25 лет. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 345 б.**

Қітап Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына, оның экономикалық дамуы мен осы уақыт аралығындағы жетістіктеріне арналады. Монографияда тәуелсіз мемлекеттің 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі калыптасу, реформа жүргізу және әлемдік деңгейде экономикасының нығаюы мәселелеріне арналған зерттеулер ұсынылған.




**Ондаш А.О. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметтері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 284 б.**

Ұсынылып отырған оқу құралында кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметтері мен сыртқы экономикалық байланыстарын заң және стандарт бойынша зерттеу, мемлекеттік және кедендік реттелуі, сыртқы экономикалық қызметтердің түрлі салаларында келісім-шарттар жасау және дайындау, серіктестерді таңдау бойынша ұйымдастыру жұмыстары, экспорт-импорттық операцияларының түрлі аспектілері қарастырылады.




**Қозғамбаева Г.Б. Қазақстан музейлері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 182 б.**

Оқу құралында Қазақстан Республикасындағы музейлерге сипаттама беріліп, тарихи өлкетану музейлерінің құрылымы мен қызметі туралы мәселелер қарастырылады.




**Тілегенов И.С., Кабдушев А.А. Мұнай, газ және газ конденсат кен орындарын игерудің технологиялық үрдістері және оларды жетілдіру: Оқу құралы / ҚР БҒМ, М.Х.Дулати атынд. Тараз мемлекеттік ун-ті. - Тараз: Тараз университеті, 2016. - 295 б.**

Қазақстан Республикасының жер қойнауының мұнай, газ және газконденсатты қорларына бүкіл дүниежүзі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің мұнайшы-мамандары, кәсіпкерлер және саясаткерлері бірден бір өндіруші ретінде экономикалық тұрғыдан қызығушылықпен бағалайтыны белгілі.



**Адилбекова А.О. Мұнайды дэмульсиялау технологиялары: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 110 б.**

Оқу құралында мұнайды сусыздандыру және тұзсыздандырудың қазіргі заманғы технологиялары, мұнайды өңдеуге дайындаудың физика-химиялық әдістері қарастырылған. Оқу құралының теориялық бөлімін зерделегенде студенттер мұнай эмульсиялары түзілуімен, мұнайды біріншілік өңдеу негіздерімен, мұнай құрамындағы су және тұздардың коррозиялық әсерімен, дэмульгаторлардың жіктелуімен танысады. Оқу құралында зертханалық жұмыстардың әдістемелері де берілген.




**Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық практикум / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 102 б.**

Ұсынылып отырған еңбекте психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістері мен оның жүргізілу жолдары енгізілген. Сонымен қатар психологиялық тестер мен жаттығулар, тұлғаны интеллектуалдық дамыту жаттығулары, студенттерге арналған, талқылау сұрақтары, анықтамалар, танымдық, дидактикалық ойындар, т.б. мәліметтер қамтылған.




**Мұсаев З. Түйе шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы. - Алматы: Нур-Принт, 2016. - 243 б.**

Түйе малы өзінің күш-қуатымен, шөл мен шөлейт жердің қатаң жағдайына бейімділігімен, басқа мал жемейтін өсімдіктердің бірталайымен коректенетімен, ащы тұзды суды ішетінімен қатар құнарлы ет, тері, жүн және диеталық сүт беретіні белгілі.




**Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 260 б.**

Оқу құралында тарихты оқыту барысында тақырыптарды жаңа мазмұнмен байытуда педагогика мен психология ғылымындағы бағыттар басшылыққа алынды. Тарих сабағын ұйымдастырудың тәсілдері және оқу процесінде жаңашыл әдістерді қолдану мәселелер теориялық және әдістемелік тұрғыдан баяндалады.




**Заядан Б.Қ., Акмуханова Н.Р., Садвакасова А.К. Су тоғандарының микрофлорасы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 272 б.**

Оқу құралында су экожүйесіндегі микроорганизмдер және олардың алуан түрлілігі жөнінде жалпы түсінік беріледі. Сонымен қатар микроб қауымдастықтарының әркелкілігі, табиғи және антропогенді факторлар әсерінен пайда болған өзгерістер, микроорганизмдердің биогеохимиялық айналымдарға қатысы туралы толық мәлімет берілген.



**Әбдіраш Ж. Құлпытас: Тандамалы. - Алматы: Мер-Press, 2017. - 288 б.**

Қазақ поэзиясының ірі тұлғаларының бірі, көрнекті ақын Әбдіраштың Жарасқанының бұл кітабында автордың өмірінің соңғы жылдарында жазған, бұрын жарияланбаған жаңа өлеңдері, Алаштың айтулы азаматтарына арналған эпитафиялары, "Сор топырақ" трагедиялық поэмасы енгізілді.



**Есжанов Б., Мамилов Н., Қожабаева Э. Балықтар қорын қалыптастыру теориясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 224 б.**

Оқу құралында балықтар қорын қалыптастырудың теориялық мәселелері, балық ресурстары өнімдерін анықтайтын жалпы заңдылықтар, балықтар популяциясының жағдайлары және оның санын анықтайтын негізгі әдістер, түрішілік және тұраралық қатынастар мен балық қорын болжау, балықтар популяциясының өнімділігін арттырудың негізгі принциптері туралы мәліметтер жанжақты қарастырылған.




**Мунасипов С.Е., Анарова Ғ.С. Былғары бұйымдарын жобалау негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Альманах, 2017. - 154 б.**

Оқу құралында аяқ және қол антропометриясы, адамның жоғарғы және төменгі қаңқасының құрылысының физиологиясы, жалпы анатомия және былғары бұйымдарының дамуы туралы негізгі мәліметтер берілген. Аяқ киімнің, және былғары галантериялық бұйымдардың құрылымдық сипаттамалары қамтылған.




**Таубаев Б.Р. Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері: Монография / Жауапты ред.: А.Д.Байсалов; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 210 б.**

Бұл монографиялық еңбекте Қазақстан Республикасындағы пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәселелері қарастырылған. Пенитенциарлық қауіпсіздіктің ұғымына және онымен сабақтас терминдер мен ағымдарға түсінік және анықтама беріле отырып, аса өзекті қоғамдық мәселелер жан-жақты қозғалып талқыланған.




**Мекебаева М.А. Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 128 б.**

«Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты» атты оқу құралы талдау әдісін қолдана отырып, қазіргі қазақстандық саясатты сипаттап, мәселелерін ашып көрсеткен. Автор қазақстандық ішкі саясаттың - саяси реформалану, экономикалық қауіпсіздік, әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам, ішкі және сыртқы көші-қон мәселелері, жастар саясаты және сыртқы саясаттың қалыптасуы, карусыздану және ядролық қаруды таратпау аясындағы саясаты, Қазақстан Республикасының геостратегиялық маңызы бар бірқатар мемлекеттермен қарым-қатынасын және жалпы еуразиялық аймақтағы геосаяси жағдай қарастырылған.



**Мұғалдиева Г.Б. Қазақстан Республикасының отбасы құқығы : Оқу құралы / Әл-Фараби атынд ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 120 б.**


Оқу құралында Қазақстан Республикасы отбасы құқығы бойынша дәріс сызбалары және семинар сабағына көмекші құрал ретінде қолданылатын материалдар енгізілген.



**Әбілқасымов Б. Қазақтың ескі жазба әдеби тілі / А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты. - Алматы: Қазақ тілі, 2016. - 128 б.**


Бұл еңбекте қазақтың ескі жазба әдеби тіліндегі ресми іс қағаздары, көркем әдебиет нұсқалары туралы мәлімет беріледі. Сондай-ақ қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің қалыптасу тарихы туралы айтылады.





**Мамаева М.Қ., Атабай Б.А. Кәсіби бағытталған қазақ тілі: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 136 б.**

Оқу құралы жоғары оқу орындарында Шығыстану мамандығы бойынша білім алатын студенттерге және Шығысқа қызығушы оқырмандарға арналған. Оқу құралы модульдерден және студенттің өзіндік жұмыстарынан тұрады. Модульдерде қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын оқыту арқылы тілді лингвоелтанымдық бағытта меңгертуге арналған. Студенттің өзіндік жұмыстары тілдері оқытылып отырған шығыс елдерінің тарихы, мәдениетіне қатысты деректерді қазақ тілінде оқып үйренуге арналған.



**Әкімбеков Б.Р., Әкімбеков А.Р. Әлемдегі негізгі жылқы тұқымдары: Оқулық / ҚР Ауылшаруашылық министрлігі. - Алматы: Альманах, 2016. - 188 б.**

Бұл кітапта жылқы шаруашылығының халық шаруашылығындағы мән-мағынасы, жылқы тұқымы туралы ілім, дүние жүзіндегі жылқы басының өсімі, жылқының өсуіне әсер етуші күштер, әлемдегі негізгі өсірілетін жылқы тұқымдары: салт мініс, салт мініс және жегу, желісті, көлік, ауыр жүк тартатын және понилар туралы жазылған.




**Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев: Биобиблиография / Құраст.: Н.Асқаров, Г.Үсенбаева, Жауапты ред. Ғарифолла Әнес; А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты "Арыс қоры". - Алматы: Арыс, 2016. - 120 б.**

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаевқа арналған.




**Жолдасбеков М. Кісілік кітабы: Мақалалар, ой-толғамдар. - Астана: Фолиант, 2017. - 400 б.**

Көрнекті мемлекет қайраткері, ел ағасы Мырзатай Жолдасбековтің бұл кітабына "Қазақ қайтсе қалады қазақ болып" деген мәңгілік сұраққа жауап іздеген автордың мемлекеттік мүдде, адамгершілік, кісілік турасында жазған мақалалары мен сөйлеген сөздері енгізіліп отыр.




**Қуаналиева Г.А. Қаржы құқығы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 162 б.**

«Қаржы құқығы» оқу құралы типтік оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. Оқу құралында қаржы құқығының жалпы бөлімінің негізгі институттары қарастырылған. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің ұғымы мен жалпы сипаттамасы, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қаржы саясатының мәселелері, Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру жүйесін қалыптастыру мен дамытуды құқықтық реттеу мәселелері жан-жақты қарастырылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің ұғымы мен ерекшеліктері, қаржылық құқықтық қатынастардың жалпы сипаттамасы мен пайда болуының алғы шарттары зерделенеді.



**Дабылтаева Н.Е. Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 126 б.**

Аталған оқу құралында инвестициялық үдеріс және оны жүзеге асырудың теория мен практикалық мәселелері қарастырылады, оның ішінде нарықтық экономика жағдайында инвестицияны қаржыландыру мен несиелендіру жолдары жүйелі түрде жатық түсіндіріледі.



**Момынова Б. Қазақ ғым-ишараттарының түсіндірме сөздігі / Ғыл. ред.: Ж.Манкеева. - Алматы, 2017. - 288 б.**


Ұсынылып отырған сөздікте тілдік қатынастағы көмекші құралдар топтастырылған және жүйеленген. Ым-ишараттардың мағыналары мен қызметтік ерекшеліктері ашып көрсетілген.



**Жангулова Г.К., Касымканова, Х.-К.М., Байдаулетова, Г.К. Геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы: Оқу құралы / Жангулова, Гульнар Қабатаевна.; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті , 2017. - 184б. : кесте. - Библиогр.:б.180. - ISBN 978-601-04-2159-2 : 3000т.00т.**

Геодезиялық жұмыстардың маңызды әдісі геодезиялық өлшемдердің қазіргі өңдеу және талдау шешімдері болып табылады. Студент пәнді оқып қамтығанда, геодезиялық өлшемдерді өңдеу теориясын, алдыңғы ақпаратты математикалық әдіспен өңдеуді, өлшем шешімдерінің дұрыстығын және есептелген шамаларды бағалап үйренуі қажет.

**Энциклопедия корейцев Казахстана / Редкол.: Ю В.К.,  
Ем Н.Б., Кан Л.А. и др.; Ассамблея народа Казахстана; Ассоц.  
корейцев Казахстана. – Алматы, 2017. – 767 с.**




Казахстан - страна многонациональная. В единой семье народа Казахстана в мире и согласии живут более ста этносов, в том числе и корейцы. В годы массовых политических репрессий они подверглись насильственному переселению из Дальневосточного края. В то тяжелое время депортированные корейцы, опираясь на братскую помощь казахского народа, стойко пережили сложные жизненные перипетии, выпавшие на их долю. Гостеприимство и сострадание, с одной стороны, благодарность и признательность - с другой, переросли в крепкую дружбу. С тех пор прошло восемьдесят лет, в Казахстане родились и выросли уже несколько поколений корейцев. Своим самоотверженным трудом они заслужили уважение, внесли и вносят свой достойный вклад в экономическое, социально-политическое, культурное развитие Казахстана. Корейцами Казахстана и о корейцах Казахстана написано немало книг разных направлений и жанров. Но «Энциклопедия корейцев Казахстана» публикуется впервые. Ее подготовка и выход в свет стали возможными благодаря независимости нашей страны, открывшей возможности национального возрождения всех этносов Казахстана.




**Интеграция науки и образования в Узбекистане - веление времени / Отв. ред. З.Р. Кадырова, Н.Х. Хакимова; МВ и ССО Респ. Узбекистан; Нау. ун-т Узбекистана им. Мирзо Улугбека. – Ташкент, 2016. – 121 с.**

Монография посвящена исследованию роли интеграции науки и образования как важного фактора реформационного процесса страны, формирования гармонично развитого поколения. Авторы рассматривают социально-философские, социально-психологические, исторические аспекты интеграции науки и образования в условиях глобализации.




**Наука: день сегодняшний, завтрашний: Научно-популярный сборник / Редкол.: З.А. Мансуров (пред.) и др. – Алматы, 2017. – 402 с.**

Сборник, составленный из научно-популярных статей, подготовленных учеными КазНУ им. аль-Фараби, знакомит читателей с современным состоянием и перспективами развития науки и научных исследований в Казахстане.



**Библиотеки национальных академий наук: проблемы функционирования, тенденции развития: науч.-практ. и теорет. сб. / НАН Украины, Нац. б-ка Украины им. В.И. Вернадского, МААН, Совет директоров науч. б-к и информ. центров; редкол.: А.С. Онищенко (пред.) [и др.]. – Киев, 2016. – Вып. 13. – 245 с.**


